

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде 2022 жылғы 13 қаңтарда мемлекеттік тіркеу тізіліміне №26469 болып енгізілген

Ақтөбе қаласы

№89

2021 жылғы 9 желтоқсан

Облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 16 «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

ШЕШТІ:

1. Облыстық мәслихатының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 16 «Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8075 тіркелген) шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Ақтөбе облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаюдың Қағидаларында:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жануарларды жаю және айдап өту учаскелерін айқындау кезінде жануарлар дүниесі объектілерінің мекендеу ортасын және көбею жағдайларын, жануарлардың қоныс аудару жолдары мен шоғырлану орындарын сақтау жөніндегі іс-шаралар көзделеді және жүзеге асырылады, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 245-бабына сәйкес, жабайы жануарлардың мекендеу ортасы ретінде ерекше құнды учаскелерге қол сұғылмаушылық қамтамасыз етіледі.».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

А. Нугманов